

**"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 наурыздағы N 295 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы "Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы**

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 2-3, 34-құжат; N 23, 931-құжат, 2002 ж., N 4, 30-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгеріс е н г і з і л с і н :

1) 7-бап мынадай мазмұндағы 4-1), 4-2), 4-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен карантиндік объектілердің таралу ошақтарын оқшаулау мен жою үшін пестицидтерді (улы химикаттарды), оларды сақтау, тасымалдау, қолдану жөніндегі жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырады және жүргізеді, сондай-ақ пестицидтердің (улы химикаттардың) қорын құрады;

4-2) карантиндік объектілердің таралу ошақтарын анықтау, оқшаулау, жою және карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыру жөніндегі іс-шаралардың жүргізілуін ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

4-3) карантиндік объектілердің таралу ошақтарын оқшаулау мен жою үшін республикалық бюджеттің қаражаты есебінен сатып алынған пестицидтерді (улы химикаттарды) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша таратады;"

2) мынадай мазмұндағы 8-1-баппен толықтырылсын:

"8-1-бап. Карантиндік объектілердің таралу ошақтарын оқшаулау мен жоюға арналған пестицидтердің (улы химикаттардың) қоры

1. Карантиндік объектілердің таралу ошақтарын оқшаулау мен жоюға арналған пестицидтердің (улы химикаттардың) қоры дегеніміз ұдайы жаңартылып отыратын

пестицидтердің (улы химикаттардың) белгілі бір көлемі және ол уәкілетті органның қарауындағы (билігіндегі) мемлекеттік меншік болып табылады.

2. Пестицидтердің (улы химикаттардың) қоры карантиндік объектілердің анықталған таралу ошақтарын оқшаулауға және жоюға арналған.

3. Қор республикалық бюджеттің қаражаты есебінен сатып алынған пестицидтердің (улы химикаттардың) көлемінен қалыптастырылады.";

3) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Уәкілетті органды, оның шекаралық пункттері және шекарадағы бекеттері бар аумақтық органдарын және мемлекеттік карантиндік мекемелерді қаржыландыру

Уәкілетті орган, оның шекаралық пункттері және шекарадағы бекеттері бар аумақтық органдары және мемлекеттік карантиндік мекемелер республикалық бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылады."

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*